



Бекітемін:

Мектеп директоры

А. Молдобаева

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Жолымбет №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
жалпы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

Мерзімдер	Ата -аналарды педагогикалық ағарту жұмыстары	Отбасымен жүргізілген жеке дара жұмыс	Жауаптылар
Қыркүйек	№1. Ата –аналар жиналысы. «Отбасы және тәрбие бастауы» Ата –аналармен жиналыстар, кездесулер өткізу. Сыныптармен танысу, сынып ережелері, мектеп формасы, тамақтану, үйірмелер жұмысы, жалпы мектептің ішкі ережесімен, оқушы міндетімен танысу. Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау, қамқоршылық құрамымен таныстыру.	Баяндама оқу сауалнама	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер
Қыркүйек	Сыныптан сыныпқа көшуге ата-аналарды бейімдеу, қауіпсіздік ережелрі туралы ақпараттар беру.	жиналыс	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері
Қазан	Ата –аналармен жеке пікірлесу Күнделік кз туралы ақпараттандыру	Сұхбат	Сынып жетекшілер
Жыл бойы	Біртұтан тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында мектептегі үйірмелер ашу, ата аналарды тарту	Жиындар, байқаулар, сайыстар, кездесулер	Сынып жетекшілер
Қазан	Аз қамтылған, көп балалы, жетімдерге негіз көмек көрестеу, ата-аналар қолдау орталығының отырыстары, жиындар өткізу	жиналыс	Әлеуметтік педагог, псих

			холог ДТЖО, сынып жетекшілер
<b>Қараша</b>	1 тоқсан қорытындысы Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат Психологиялық кеңес	Баяндама , алғыс хаттар	Сынып жетекшілер
<b>Желтоқсан</b>	<b>№2. Ата-аналар жиналысы</b> Жарты жылдық қорытынды	Кеңес беру	Мектеп әкімшілігі
<b>Қаңтар</b>	Ата-аналармен жеке пікірлесу Сауалнама алу «Сіз қандай ата- анасыз? Білім сапасын қалай көтеруге болады?	Пікірлесу. Сұрақ- жауап алу	Сынып жетекшілер, психолог
<b>Ақпан, Наурыз</b>	Коучинг «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың хас жауы» Саулнама «Ата –ана болам десеңіз» Көктемгі байқаулар, құттықтаулар	Талқылау, сауалнама алу	Сынып жетекшілер, психолог
<b>Наурыз</b>	<b>№3. Ата-аналар жиналысы</b> Дөңгелек үстел «Үштік одақ: ата- ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту.	Дебат, дөңгелек стол, жиналыстар	Сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі
<b>Сәуір</b>	Ата-аналармен жеке пікірлесу: мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары	Пікір алмасу	Сынып жетекшілер
<b>Мамыр</b>	<b>№4 Ата-аналар жиналысы.</b> Қорытынды ақпарат Алғыс хаттар	Мадақтамалар	Мектеп әкімшілігі

Орындаған: ДТЖО Е. Амет

«Ақмола облысы білім басқармасы  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2024-2025 жалпы мектепішілік ата - аналар жиналысы

Хаттама №1

Күні: 11.09.2024  
Қатысқандар: 82  
Қатыспағандар: 49

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылының басталуы, білім беру ұйымының білім алушыларға жасаған мүмкіндігі

Мектеп директоры А.Молдобаева

2. Ата - аналарды бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақыру, құқықтық тәрбие мен қауіпсіздік ережелері мен таныстыру.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Е. Амет

3. Білім алушыларға аудандық жалпыға бірдей білім беру қорынан берілген көмек туралы ақпарат

Әлеуметтік педагог С. Алпамыс

4. Мектепте құрылған «Алдын алу кеңесі» және ата-аналар мен балаларды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы

Мектеп психологі А. Кучуков

5. Адам папилома вирусына қарсы вакцинация туралы ақпарат беру

Жалпы тәжірбиелі дәрігер Е. Бақыт

6. Әр түрлі сұрақтар

Бірінші болып сөз алған мектеп директоры А. Молдобаева ата-аналарды, мектеп ұжымын жаңа оқу жылымен құттықтап, мектептің оқу жылына деген дайындығына тоқталып, жалпы мектеп жайлы ақпараттар берді. Мектепте барлығы 28 мұғалім жұмыс істейді. Жаңадан келген төрт жаңа маман еңбек жолдарын бастауда. Мектептің кітапханасы, асханасы, спорттық үйірмелер, қосымша тәрбиелік клубтар жұмыс жасайды. Мектепте білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Пән мұғалімдері толық, оқулықтар жеткілікті, мектеп таза, жарық. Оқу жылында 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақ ішеді. Жалпыға бірдеу оқу қорынан тегін тамақ ішуге құқылы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтылған. Оқу бағадарламасын игеруге толық мүмкіндік бар. Жаңа оқу жылында тек сәттілік, табыс, жетістіктер тілеймін.

**Қаулы:** Жаңа оқу жылына мектептің дайындығы таныстырылды.

**Қаулы: Жаңа оқу жылына мектептің дайындығы таныстырылды.**

Екінші болып сөз алған директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Е.Амет Құқықтық тәрбиеге, және ата-аналарға оқушылардың қауіпсіздік ережелірін таныстырды. Мектеп, ата – ана болып оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру керекпіз. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғы шарттарының бірі азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда маңызды құралдың бірі. Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Үйдегі келеңсіз жағдайлар, ұрыстар, берекесіздік балаға кері әсер береді. Мұндай отбасында өскен бала қатыгез, ренжулі, ашулы, өзімшіл болады. Сондықтан барынша балаға уақыт бөліп мейріммен қараған дұрыс. Оның кіммен сөйлесіп, неге қызығатынын біліп, көңіл күйін білген дұрыс.

Қазіргі уақытта балалар үшін қатты алаңдаймыз. Ақпаратты қоғам болғандықтан, қауіпті интернет, құмар ойындар, өзге діни ағымдар, буллинг, т.б жөсөспірімдер үшін өте қауіпті. Біз мұның барлығына жол бермеу керекпіз. Балалардың телефонына шектеу, бақылау болу керек. Сондай ақ үйде балаларды жалғыз қалтырмау, газ, от, тоқтардан сақтандыру, терезелерді жабу салғырттыққа жол беремеуіміз қажет. Мектепке барарда, келерде жол ережесін сақтау, жаяу жүргінші жолымен жүруге, бөтен машинаға отырмау, бөгде адамдармен сөйлеспеуге үйретуіміз қажет. Көшеде ашық тоқтар, ашық кәріз құдықтарынан, көліктерден сақ болуды ескерту. Мектепке, көшеде мотоцикл, мопедпен келмеу, жастарына сай мінуге, жол ережесін білулері, арнайы куәліктері болуы тиіс. Әрбір ата – ана өз балаларына жауапты, олардың өмірне алаңдаулары керек. Кез келген жасөспірім кешкі сағат 22:00 де үйде болуы тиіс. Барлық ата -аналар өз балаларына заң алдында, мелекет алдында жауапты. Сондықтан баланың өміріне, тәрбиесіне бейжай қарауға ешкімнің қақысы жоқ.

**Қаулы: Құқықтың тәрби, құқықтық мәдениет туралы тыңдалды, ата- аналарға қауіпсіздік ережелері таныстырылды.**

Үшінші ретпен сөз алған әлеуметтік педагог С.Алпамыс білімалушыларға жалпыға бірдей білім алу қорынан берілген қаржылай көмектер, жазғы сауықтыру лагерьлеріне барған оқушылар, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасыларға берілген көмектер жайлы ақпарат берді. Сонымен қатар кентіміздің жомарт жандарының демеушілгі оқушыларды киіндіргені де айтылды. Алдағы оқу жылына тегін ыстық тамаққа құқылы оқушылардың құжаты жиналып, тізім жсалағаны айтылды.

**Қаулы: Білім алушыларға аудандық жалпыға бірдей білім беру қорынан берілген көмек туралы ақпарат тыңдалды.**

